

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2009 жылғы 21 қыркүйектегі №4
хаттамасының
шешімімен бекітілді

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2012 жылғы 20 ақпандағы №1/12
хаттамасының,
2012 жылғы 25 шілдедегі №4/12
хаттамасының,
2013 жылғы 21 мамырдағы №5/13
хаттамасының
шешімдерімен өзгерістер мен
толықтырулар енгізілді

**«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Директорлар
кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетінің мәртебесін, құзыретін, құрамын, жұмыс тәртібі мен функциясын, оның отырыстарын шақыру және өткізу, шешімдерді ресімдеу процедурасын, сондай-ақ Ішкі аудит комитеті мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

2. Ережеде қолданылатын түсініктемелер және анықтамалар:

Заң – Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы;

Қор туралы Заң – Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңы;

Қор – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғам;

Қоғам – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ;

Қоғам басшылары – Қоғамның атқарушы органының басшысы мен мүшелері.

3. Ереже Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Заңға, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

4. Ішкі аудит комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесу органы болып табылады және, Қоғамның атқарушы органы қызметін бақылау және Директорлар кеңесіне және Қоғамның атқарушы органына қажетті ұсынымдарды әзірлеу тәртібінде, Директорлар құзыретіне жатқызылған немесе Директорлар кеңесімен зерттеліп жатқан мәселелерді тереңдетіп пысықтау үшін құрылады.

5. Ішкі аудит комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді, Қоғамның Директорлар кеңесімен және осы Ережемен оған берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

4. Ішкі аудит комитеті өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның жарғысын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережені, Қоғамның осы Ережесін және Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа да шешімдерін басшылыққа алады.

II. Ішкі аудит комитетінің құзыреті

6. Ішкі аудит комитеті Қоғамның акционері (-лері) мүддесінде әрекет етеді және оның жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесіне көмекті:

1) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне (соның ішінде, қаржылық есептіліктің толықтығы мен растығына) тиімді бақылау жүйесін орнату;

2) ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелердің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару аясындағы құжаттардың орындалуын бақылау;

3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын қамту процесін бақылау;

4) осы Ереженің талаптарына сай келетін басқа да мәселелер бойынша ұсынымдарды пысықтау арқылы көрсетуге бағытталған.

III. Ішкі аудит комитеті мүшелерінің құқықтары

7. Ішкі аудит комитетінің мүшесі белгіленген тәртіпте:

1) Қоғамға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалды), егер де аталған ақпарат оған Ішкі аудит комитеті мүшесінің функциясын жүзеге асыру үшін қажет болса, Қоғамның лауазымды тұлғаларынан және қызметкерлерінен сұратып алуға;

2) Қоғамның басшылары өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулер өткізуге;

2-1) Қоғамның сыртқы аудиторын таңдау жөніндегі Қоғамның конкурстық комиссиясының құрамында қатысуға;

3) Осы Ережемен айқындалғандай, Ішкі аудит комитетінің иелігіндегі мәселелер бойынша кез келген тергеуді бастауға немесе жүргізуге;

4) Ішкі аудит комитетінің отырыстары хаттамаларымен және шешімдерімен, аудиторлық тұжырымдамаларымен танысуға;

5) Ішкі аудит комитеті отырысының хаттамасына күн тәртібі мәселелері бойынша және қабылданып жатқан шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді балап етуге;

6) Ішкі аудит комитетінің отырысын шақыруды талап етуге;

7) Ішкі аудит комитеті отырысының күн тәртібіне мәселелерді енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

IV. Ішкі аудит комитеті мүшелерінің құрамы, сайлануы және өкілеттіктер мерзімі

8. Ішкі аудит комитеті құрамының санын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

9. Ішкі аудит комитетінің құрамы Қоғамның ДЖиректорлар кеңесі мүшелерінің және Ішкі аудит комитетінде жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар арасынан құрылады.

10. Ішкі аудит комитет, тәуелсіз директормен (-лармен) қоса, кем дегенде екі мүшеден тұру керек. Ішкі аудит комитетінің Төрағасы тәуелсіз директорлар арасынан сайланады.

Қоғам Директорлары кеңесінің тәуелсіз директор болып табылмайтын мүшесі Ішкі аудит комитетінің құрамына сайлануы мүмкін, егер де Қоғамның Директорлар кеңесі аталған тұлғаның Ішкі аудит комитетіндегі мүшелігі Қоғамның және оның акционерінің (-лердің) мүддесіне қажет деп шешсе. Аталған тағайындау туындаған кезде Қоғамның Директорлар кеңесі директордың тәуелділігі сипатын ашып, оны Ішкі аудит комитетіне қабылдануы туралы шешімін жалғыз акционері алдындағы есепте негіздеу керек.

12. Ішкі аудит комитетінің құрамында оның кем дегенде бір мүшесінде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті дайындау және/немесе қаржы және/немесе аудит аясындағы білімге сәйкес келетін ұзақ жұмыс тәжірибесі болуға тиіс.

13. Ішкі аудит комитетінің шешімімен Ішкі аудит комитетінің хатшысы тағайындалады. Ол . Ішкі аудит комитетінің жұмысын ұйымдастыру және ақпараттық қамту жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

V. Ішкі аудит комитетінің Төрағасы

14. Ішкі аудит комитетінің Төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Ішкі аудит комитетінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Ішкі аудит комитетінің отырыстарын шақырады және онда төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттаманы жүргізуді ұйымдастырады;

15. Төраға болмаған жағдайда, оның функцияларын Ішкі аудит комитетінің шешімі бойынша Ішкі аудит комитеті мүшелесінің бірі жүзеге асырады.

VI. Ішкі аудит комитетінің жұмыс тәртібі

16. Ішкі аудит комитеті тоқсанда кем дегенде бір рет тұрақты көзбе-көз отырыстарды және қажеттілігіне қарай – кезектен тыс отырыстарды өткізеді. Ішкі аудит комитеті отырысты өткізу нысанын қаралатын мәселенің маңыздылығына сүйене отырып таңдайды. Ішкі аудит комитеті Ішкі аудит комитетінің жұмыс жоспарын жыл сайын құрастырады, оны Ішкі аудит комитеті бекітеді.

14. Ішкі аудит комитеті отырысының күн тәртібін Ішкі аудит комитетінің хатшысы дайындап Ішкі аудит комитетінің барлық мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға отырыстың жоспарланған күнінен дейін кем дегенде жеті күнтізбелік күн бұрын жібереді. Ішкі аудит комитетінің отырысы Ішкі аудит комитеті мүшелерінің жартысынан кем дегенде жартысы болған кездегі Кворум құқылы деп саналады.

Ішкі аудит комитетінің отырысы оның Төрағасының бастамасымен немесе:

- 1) Ішкі аудит комитетінің кез келген мүшесінің;
- 2) акционердің;
- 3) ішкі аудит қызметінің талабымен шақырылуы мүмкін.

Ішкі аудит комитетінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашыл аталған талаппен Қоғамның Директорлар кеңесіне жүгінуге құқылы, ол Ішкі аудит комитетінің отырысын шақыруға міндетті.

Ішкі аудит комитетінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырып өткізіледі.

Ішкі аудит комитетінің отырыстары тек көзбе-көз тәртібінде жүргізіледі.

14. Шешімдер Ішкі аудит комитетінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Даустар тең болған жағдайда, Ішкі аудит комитетінің Төрағасында шешу дауыс құқығы бар.

Қаралатын мәселелердің маңыздылығы мен жеделділігіне байланысты ерекше жағдайларда Ішкі аудит комитетінің мүшесіне, бейне-конференция (интербелсенді аудиовизуалды байланыс), байланыс-конференция (Ішкі аудит

комитеті мүшелерінің бір мезгілде «телефон мәжілісі» режимінде сөйлесу) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы кворум жиналған болса, Ішкі аудит комитетінің көзбе-көз отырысына қатысуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, Ішкі аудит комитетінің мүшесі Ішкі аудит комитетінің көзбе-көз отырысына қатысты деп саналады. Бұл ретте, Ішкі аудит комитеті отырысының хаттамасында қолданылған байланыс түрі көрсетіледі.

15. Ішкі аудит комитетінің мүшелері Ішкі аудит комитетінің көзбе-көз отырыстарына қатысуға міндетті. Қажет болған жағдайда, Ішкі аудит комитетінің отырыстарына Ішкі аудит комитеті Төрағасының шақыруы бойынша мына тұлғалар:

- 1) ішкі аудит қызметінің жетекшісі;
- 2) сыртқы аудиттің жетекші әріптесі және/немесе басқа да өкілдері;
- 3) Қоғамның бірінші басшысы және басқа да өкілдері, соның ішінде Қоғамның бас бухгалтері, сондай-ақ заң бөлімшесінің өкілдері;
- 4) Күн тәртібі мәселелері бойынша ақпаратты алу үшін белгіленген тәртіпте тартылған тәуелсіз консультанттар (сарапшылар) қатыса алады.

16. Ішкі аудит комитетінің әр отырысының нәтижесі бойынша, ол өткізілген күнінен кейін үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде хаттама жасалады. Ішкі аудит комитетінің Төрағасы немесе отырыста төрағалық еткен тұлға, сондай-ақ Ішкі аудит комитетінің хатшысы, хаттаманың дұрыс құрастыруына және мазмұнына жауапты тұлғалар хаттамаға қол қояды.

Ішкі аудит комитетінің хатшысы Ішкі аудит комитеті отырыстарының хаттамаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

VII. Ішкі аудит комитетінің функциялары

17. Ішкі аудит комитеті, белгіленген тәртіпте, мына функцияларды атқарады:

- 1) қаржылық есептілік мәселелері бойынша:
 - а) Қоғам басшылығымен және сыртқы аудитормен қаржылық есептілікті, сондай-ақ қаржылық есептіліктің қолданылған қағидаттарының, қаржылық есептіліктегі елеулі бағалау көрсеткіштердің, есептіліктің елеулі котировкаларының негізділігін және қабылдауға лайықтығын талқылайды;
 - б) Қоғам басшылығымен және сыртқы және ішкі аудиторлармен Қоғамның Есеп саясатында ұсынылатын (күтілетін) өзгерістерді және сол өзгерістер есептіліктің мазмұнына қалай әсер ететінін талқылайды;
 - в) сыртқы аудитор мен Қоғам басшылары арасындағы Қоғамның қаржылық есептілігіне қатысты кез келген елеулі қайшылықты қарайды;
 - г) Қоғамының Есеп саясатын алдын ала мақұлдайды;
 - д) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдайды.

2) Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жөніндегі мәселелер бойынша:

а) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің жағдайы туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін талдайды;

б) Қоғамның ішкі бақылау құралдарының және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін талдайды, сондай-ақ осы және қосарлас мәселелер бойынша ұсыныстар береді;

в) Қоғамның ішкі және сыртқы аудиторларының ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысты ұсынымдардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

г) елеулі тәуекелдерді және бақылау проблемаларын және Қоғамның тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиісті жоспарларын қарау үшін Қоғамның басшыларымен тұрақты кездесулерді ұйымдастырады;

д) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша Қоғамның саясаты мен процедураларын алдын ала мақұлдайды;

е) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіру бойынша Қоғаммен әзірленген іс-шаралар (түзету қадамдар) нәтижесін және орындалу сапасын талдайды;

ж) Қоғамның тәуекелдер регистрі мен Тәуекелдер картасын алдын ала мақұлдайды;

з) тәуекелге тәбетінің деңгейін және тәуекелдер бойынша лимиттерін алдын ала мақұлдайды.

3) Сыртқы аудит мәселелері бойынша:

а) Қоғамның сыртқы аудиторынтағайындау және ауыстыру жөніндегі мәселелерді зерттейді және аталған мәселе бойынша ұсынымдар дайындайды;

б) сыртқы аудитор Қоғамға көрсететін (көрсетуді жоспарлайтын) барлық ілеспе қызметтер тізбесін сыртқы аудитордан алуды қамтамасыз етеді және оны Қоғамның сыртқы аудиторымен талқылайды. Ілеспе қызметтер аудитордың тәуелсіздігімен қаншалықты сәйкес келетінін бағалайды. Қоғамның Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қабылдауды ұсынады;

в) сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алуды алдын ала мақұлдайды;

г) сыртқы аудитормен Қоғамның жылдық қаржылық есептілікке аудитті өткізуге арналған шарт (келісімшарт) жобасының елеулі ережелерін алдын ала мақұлдайды;

д) аудиттің ұсынылып отырған жобасы мен көлемі Қоғам акционерінің және Директорлар кеңесінің қажеттіліктеріне қаншалықты сай келетінін сыртқы аудитормен талқылайды;

е) сыртқы аудитормен бірлесіп жыл сайынғы және аралық аудиттердің нәтижесін аудиттер қорытындысы бойынша Қоғам басшылығының ақпаратымен қоса қарайды;

ж) сыртқы аудитормен кездесулерді, Қоғам басшыларының өкілдерінсіз, жарты жылда кем дегенде бір рет өткізеді;

з) аудит жоспарының орындалуына мониторинг жасау арқылы сыртқы аудиттің процесінің бағалауын жүзеге асырады.

4) Ішкі аудит мәселелері бойынша:

а) ішкі аудит қызметінің жұмысын жетекшілік етеді;

б) ішкі аудит қызметінің санды құрамы, өкілеттіктер мерзімі, оның басшысын және қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстарды Директорлар кеңесіне енгізеді;

в) ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақыны және сыйақыны төлеу мөлшері мен шарттары, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ұсыныстарды Директорлар кеңесіне енгізеді;

г) Ішкі аудит қызметі туралы ережені, саясатын, ішкі аудит процедураларды және ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін басқа да құжаттарды, сондай-ақ оларға жасалған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды, ішкі аудит қызметінің Қоғам басшылығынан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

д) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы ішкі аудит қызметі басшыларының және қызметкерлерінің кандидатураларын алдын ала мақұлдайды, сондай-ақ оларда Директорлар кеңесі және аудит бойынша комитеттері болмаған жағдайда олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныс береді;

е) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы ішкі аудит қызметінің саясаты мен процедураларын алдын ала мақұлдайды, егер де оларда Директорлар кеңесі және аудит бойынша комитеттер болмаса;

ж) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын, бюджетін (шығыстар сметасын) алдын ала мақұлдайды; аудита;

з) ішкі аудит қызметінің тұрақты есептерін, жалпыланған форматта ұсынылатын жұмыс нәтижесін және ең елеулі аудиторлық комментарийларды алдын ала мақұлдайды;

и) ішкі аудит қызметіне қойылған мақсаттардың тиімді орындалуына кедергі ететін бар шектеулер мәселесін қарайды және осындай шектеулердің жойылуына ықпал етеді;

к) ішкі аудит қызметінің басшыларымен кездесулерді, Қоғам басшыларының өкілдерінсіз, тоқсанда кем дегенде бір рет өткізеді;

л) ішкі аудит қызметінің жұмысына алдын ала бағалауды жүргізеді;

м) қажет болған жағдайларда, ішкі аудит қызметімен мүдделі мәселелерге тәуелсіз тексеруді (бағалауды) жүргізуді бастайды.

Ішкі аудит қызметімен мүдделі мәселелерге тәуелсіз тексеруді (бағалаудың) жүргізу қажеттілік Қоғамның атқарушы органында туындаған жағдайда, Қоғамның атқарушы органының басшысы аталған тәуелсіз тексеруді (бағалауды) өткізуге арналған алдын ала рұқсатты алу үшін Ішкі аудит комитетіне жүгінеді.

5) Заңнаманы сақтау мәселелер бойынша

а) Қоғаммен заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге арналған Қоғамның ішкі процедураларының тиімділігін бағалайды;

б) уәкілетті органдардың (соның ішінде салық органдарының), Қоғамның басшыларының, сыртқы және ішкі аудиторларының заңнаманы сақтау мәселелері жөніндегі есептерін алып зерттейді;

в) Қоғам қызметкерлері заңнаманың күтілетін бұзушылықтары немесе теріс пайдаланушылықтар туралы, соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен растығы туралы ақпаратпен құпиялы негізінде немесе өздерін атамай арыздану арқылы «қызу желісі» процедурасы бойынша ұсыныстар, сондай-ақ осындай арыздарға жауап қайтару және қарау тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді;

г) қаржылық есептілікті дайындау, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару мен этикалық мәселелер бойынша бұзушылықтар туралы құпиялы хабарлау процедураларын алдын ала мақұлдайды.

б) Қызметі туралы есептілік:

а) өз қызметі туралы тұрақты, бірақ жылына кем дегенде бір рет Директорлар кеңесі алдына есеп береді;

б) Ішкі аудит комитеті жұмысының нәтижесі туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің есебіне енгізу үшін және оны Қоғамның жалғыз акционері алдындағы есеп беруде ашу үшін дайындауды жүзеге асырады.

7) Басқа міндеттері:

а) арнайы тергеулерді (тексерулерді), соның ішінде тәуелсіз консультанттарды (сарапшыларды) тартып, өткізу жөніндегі ұсынымдарды, қажеттілігіне қарай, Директорлар кеңесі үшін пысықтайды;

б) алаяқтық жағдайларды талдап қорытындайды және Қоғамның атқарушы органымен болашақта алаяқтықтың алдын алу бойынша қабылданған шаралардың ақылға сыйымдылығын бағалайды;

в) Комитеттің құзыретіне жататын басқа да міндеттерді Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша орындайды.

VIII. Ішкі аудит комитеті мүшелерінің жауапкершілігі

18. Ішкі аудит комитетінің мүшесі, оның әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, соның ішінде адастыратын ақпаратты немесе біле тұра жалған ақпаратты беру нәтижесінде шеккен залардар үшін де жауапты Қоғам және Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тартады.